

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

Сейсенбаев Абылай Ибраимұлы

«Хромды тікелей редуциялау процесін зерттеу және  
феррохром үлгілерін алу»

**ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС**

5B070900 – Металлургия мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. канд.,

*М.Б. Барменшинова*

« 15 » 05 2019 ж.

### ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Хромды тікелей редукциялау процесін зерттеу және феррохром үлгілерін алу»

5B070900 – Металлургия

Орындаған

Сейсенбаев Абылай Ибраимұлы

Ғылыми жетекші

PhD, лектор

*Г.М. Койшина* Койшина Г.М

« 15 » 05 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы

5B070900 – Металлургия



**Дипломдық жұмыс орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Сейсенбаев Абылай Ибраимұлы

Тақырыбы: «Хромды тікелей редукциялау процесін зерттеу және феррохром үлгілерін алу»

Университет Ректорының 2018 жылғы «8» қазандағы № 1113-б бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2018 жылғы «20» мамыр 2019 ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы берілістері: Дон ТКБК хром кені қалдықтарының химиялық құрамы және зерттеу әдістемесі

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Әдебиеттерге шолу;

б) Тәжірибелік зерттеу жұмыстары;

в) Зерттеу жұмысының нәтижесін талдау;

г) Технология бойынша болжамдық экономикалық және экологиялық жетістіктер.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)


Сызба материалдарының \_\_\_\_\_ слайдта көрсетілген

Ұсынылатын негізгі әдебиет 18 атаудан

Дипломдық жұмысты дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Кіріспе	11.03.2019 ж.	
Әдеби шолу	25.03.2019 ж.	
Зерттеу жұмыстары	08.04.2019 ж.	
Қорытынды	22.04.2019 ж.	

Дипломдық жұмыс бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жұмысқа қойған қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Норма бақылау	Г.М. Қойшина PhD, лектор	14.05.2019	

Ғылыми жетекші

 Г.М. Қойшина

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

 А.И. Сейсенбаев

Күні

«14» қаңтар 2019 ж.

## АНДАТПА

Қазақстанда тек темір кені шикізатының танымал кенорындары ғана емес, оған қоса хром кенінің ірі кенорындары да орналасқан. Қазақстанда алынатын хром кенінің негізінде феррохром өндірісінің ірі өнеркәсіптік кешендері жұмыс істейді. Алайда аталған ферроқорытпа өндірісінің технологиясы, шет елдерде тәрізді, кесекті сұрыпталған кен мен металлургиялық кокстың пайдаланылуына негізделген және электртермиялық пештерде жүзеге асырылады. Сондықтан Дон ТКБК-де хромит шикізаты сұрыпталады. Ірі кесекті кен ферроқорытпа зауыттарына жіберіледі, ал хром кенінің майда қалдықтары үйіндіде жиналады да, әрбір үйіндіде миллиондаған тоннаға жетеді. Қолданыстағы технология бойынша ферроқорытпалар өндірісі үшін мұндай майда қалдықтардың пайдаланылуы шектелген, себебі, техникалық шарттар бойынша агломерация немесе жентектер өндірісі әдісімен олардан қайта тотыққан кесекті материалдар алыну қажет, бұл ауқымды энергия шығындарына және материалдар шығынына байланысты. Сондықтан жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз ететін, майда қалдықтарды тікелей металлургиялық өңдеудің жаңа технологиясын жасау өзекті мәселе болып табылады.

Жұмыстың мақсаты – қалдықтардан феррохром үлгілерін алу және жоғары техника-экономикалық көрсеткіштерді қамтамасыз ететін технологиялар жасау, сонымен қатар қозғалмайтын қалдықтардың балластық қорын тауарлы өнімге түрлендіру.

Зерттеу міндеттері:

Келесі ретпен қойылған және олардың шешілуі орындалған тәжірибелік жұмыстар көлеміне енгізілген.

а) Дон ТКБК-да хром кенін байытудың майда қалдықтарының көрнекі сынамаларын алу;

б) майда хром қалдықтарының химиялық және минералогиялық құрамын анықтау;

в) металдарды – хром қалдықтарынан темір мен хромды көміртегімен тікелей редуциялауға қажетті көміртегіқұрамды редуциялау реагентінің стехиометриялық шығынын анықтау;

г) дайындалған кенкөмір қоспасын араластыру және ұнтақтау, одан кенкөмір жентектерін алу;

д) кенкөмір жентектерін кептіру және редуциялап күйдіру, металданған жентектер үлгілерін алу;

е) металданған жентектерді редуциялап балқыту, нормаланған көміртегі концентрациясымен феррохром үлгілерін балқыту.

## АННОТАЦИЯ

Казахстан располагает не только известными месторождениями железорудного сырья, но и крупными месторождениями хромовых руд. На базе добываемых хромовых руд в Казахстане работают крупные промышленные комплексы по производству феррохрома. Однако технология производства указанного ферросплава, как и в зарубежных странах, основана на использовании кусковой сортированной руды и металлургического кокса и реализуется в электротермических печах. Поэтому на Донском ГОКе хромитовое сырье сортируется. Крупные кусковые руды отправляются на ферросплавные заводы, а мелкие отсеvy хромовых руд накапливаются в отвалах, которые на каждом отвале достигли миллионные тонны. Использование этих мелких отходов для производства ферросплавов по существующей технологии весьма ограничено тем, что по техническим условиям из них должны быть получены снова оксидные окаткованные материалы по методу агломерации или производства окатышей, что связано с значительными расходами энергии и материальными затратами. Поэтому разработка новой технологии прямой металлургической переработки мелких отходов, обеспечивающей высокие технико-экономические показатели, является актуальной проблемой.

Цель работы получение образцов феррохрома из отходов и разработка технологии, обеспечивающей высокие технико-экономические показатели, а также преобразование балластных запасов недвижимых отходов в товарную продукцию.

Задачи исследования:

Поставлены в следующей последовательности и решение их введены выполненный объем экспериментальных работ.

а) отбор представительных проб мелких отходов от обогащения хромовых руд на Донском ГОКе;

б) определение химического и минерального состава мелких хромовых отходов;

в) определение стехиометрического расхода углеродсодержащего восстановительного реагента на прямое восстановление металлов углеродом – железа и хрома из хромовых отходов;

г) смешивание и измельчения составленной рудоугольной смеси и получение из нее рудоугольных окатышей;

д) сушка и восстановительный обжиг рудоугольных окатышей, получение образцов металлизированных окатышей;

е) восстановительная плавка металлизированных окатышей, выплавка образцов феррохрома с нормированной концентрацией углерода.

## ANNOTATION

Kazakhstan has not only known deposits of iron ore, but also large deposits of chrome ores. On the basis of the mined chrome ores in Kazakhstan, large industrial complexes for the production of ferrochrome are operating. However, the production technology of this ferroalloy, as in foreign countries, is based on the use of lumpy sorted ore and metallurgical coke and is implemented in electrothermal furnaces. Therefore, at Donskoy GOK, chromite raw materials are sorted. Large lumpy ores are sent to ferroalloy plants, and little things of chrome ores accumulate in the dumps, which reached millionths of tons at each dump. The use of these small wastes for the production of ferroalloys according to the existing technology is very limited by the fact that, according to the technical conditions, they should be used to obtain oxide okuskovany materials again by the method of sintering or pellet production, which is associated with significant energy costs and material costs. Therefore, the development of a new technology for the direct metallurgical processing of small waste, which provides high technical and economic indicators, is an urgent problem.

The purpose of the work is to obtain samples of ferrochrome from waste and to develop technology that ensures high technical and economic indicators, as well as the conversion of ballast reserves of immovable waste into marketable products.

Objectives of the study:

Delivered in the following sequence and solving them entered the completed amount of experimental work.

a) taking samples of small waste from the enrichment of chrome ores at Donskoy GOK;

b) determining the chemical and mineral composition of small chrome waste;

c) determination of the stoichiometric consumption of carbon-containing reducing agent for the direct reduction of metals iron and chromium from chromium wastes — with carbon ;

d) mixing and grinding the compiled ore-coal mixture and obtaining from it ore-coal pellets;

e) drying and roasting of ore-coal pellets, obtaining samples of metallized pellets;

f) recovery smelting of metallized pellets, smelting of ferrochrome samples with normalized carbon concentration.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Өндіріс технологиясы	10
1.1 Өндірістің физика-химиялық негіздері	10
1.2 Шихта материалдарына қойылатын негізгі талаптар	16
1.3 Көміртекті тотықсыздандырғыштар	17
1.4 Флюстеуші материалдар	17
1.5 Айналмалы және металлқұрамды қалдықтар	18
1.6 Шығарылатын өнімге қойылатын негізгі талаптар	18
1.7 Беттік ластанулар	19
1.8 Негізгі технологиялық жабдықтың сипаттамасы	19
2 Процесті жүргізу тәртібі	21
2.1 Зерттеу жұмыстарына шихта дайындау	21
2.2 Эксперименттік жұмыстарды ұйымдастыру	28
3 Құрамында хром бар ферроқорытпаларды алу технологиясының техникалық-экономикалық көрсеткіштері	34
4 Процесс ұйымдастыру кездегі туындайтын қолайсыз жағдайлар	38
4.1 Пеш жүрісінің технологиялық бұзылу себептері және оларды жою тәсілдері	38
5 Экологиялық көзқарас тұрғысынан жетістіктер	42
ҚОРЫТЫНДЫ	45
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	46



## КІРІСПЕ

Ферроқорытпалар – темірдің әртүрлі элементтермен (хром, никель, кремний, марганец, вольфрам, молибден, ванадий, кальций және т.б.) қорытпалары немесе арнайы термиялық қондырғыларда (тазалау және тотықсыздандыру, индукциялық, тигельді және плазмалық пештер), сонымен қатар домна пештерінде балқытылатын бірнеше жетекші элементтер қорытпалары (силикокальций, силикомарганец, ферромарганец, силикохром).

Ферроқорытпалар зауыттары ферроқорытпалардың кең сұрыптамасын шығарады, оның өндірісі үшін шикізатты пирометаллургиялық және гидрометаллургиялық өңдеудің әртүрлі әдістері пайдаланылады. Сондықтан ферроқорытпалардың әрбір зауыты және тіпті әрбір цехы өзге зауыттардың қарапайым қайталануы болып табылмайды, ол шығарылатын өнім ерекшелігі және тізімдемесі, техникалық жинақталуы мен жабдықталуы бойынша ерекшеленеді. Бұл ферроқорытпалар зауыттарында қолданылатын жабдықтардың сан түрлілігін анықтайды. Ферроқорытпалар – қиын балқитын қорытпалар, олардың өндірісі жоғары жылу шығындарымен және жоғары температурамен жүреді. Ферроқорытпаларды домна және электр пештерінде, сонымен қатар арнайы футерленген ошақтарда (пештен тыс тәсілі) балқытады. Электрпештерінде ферроқорытпалар балқуын үздіксіз және мерзімді процестермен жүзеге асырады. Бұл кезде шихта материалдарын электродтар зонасында шихта балқығанда және оның деңгейі төмендегенде пешке тиейді. Пеш табанында сұйық металл мен шлақтың жинақталуына байланысты, қыздырылған отқатөзімді футеровкасының ашылуынсыз оларды пештен шығарады. Мерзімді өндірісте пешке барлық шихта материалдарын тиейді, олардың толық балқуынан және берілген құрамда металл мен шлақтың белгілі бір мөлшері алынғаннан кейін балқымаларды шығарады және пешті қайта шихтамен тиейді. Мерзімді процестердің бір түрі қиын балқитын металдар өндірісі болып табылады. Пеште металдың белгілі бір көлемі жиналғаннан кейін пешті тоқтатады, суытады және одан жиналған металл блогын бөліп алады (блокқа балқыту).

Ферроқорытпалар өндірісінің үздіксіз процесі, мерзімдімен салыстырғанда аз жылу жоғалымымен жүреді, себебі бірінші жағдайда жоғары температуралармен металлургиялық реакциялар зонасы қатты шихта қабатымен жабылған. Мерзімді процесте шлак температурасы 1400-1800 °С және көп мөлшерде жылу бөледі. Электрпештерінде ферроқорытпалар алу процесін шлақты және шлақсыз деп бөледі. Шлақты қорытпаларды, шлак еселілігімен, яғни пештен шығарылған шлак массасының шығарылған металл массасына қатынасымен сипаттайды. Шлак еселілігі кенде пайдалы тотық концентрациясына, осы тотықтың тотықсыздану дәрежесіне, шихтаға тиелетін флюстер көлеміне, сонымен қатар тотықсыздандырғыш сипатына және пайдалану дәрежесіне тәуелді [1].

# 1 Өндіріс технологиясы

## 1.1 Өндірістің физика-химиялық негіздері

Жоғарыкөміртекті феррохром. Процесс хром кенінде кездесетін хром және темір тотықтарын көміртегімен тотықсыздандыруға негізделген.

Термодинамикалық сипаттамасы.

1 Кесте – Хром тотығын көміртегімен тотықсыздандыру реакцияларының  $\Delta G_0$  өзгерісі


Реакция	кДж/моль	Температура d кезінде ° t = 0, k.
$\text{Cr}_2\text{O}_3 + 13/3\text{C} = 2/3\text{Cr}_3\text{C}_2 + 3\text{CO}$	730 940-511,68 T	1430
$2/3\text{Cr}_2\text{O}_3 + 8/7\text{C} = 4/21\text{Cr}_7\text{C}_3 + 2\text{CO}$	511 128-364,57 T	1403
$2/3\text{Cr}_2\text{O}_3 + 2\text{C} = 4/3\text{Cr} + 2\text{CO}$	546 624-360,8T	1513
$\text{Cr}_2\text{O}_3 + 3\text{C} = 2\text{Cr} + 3\text{CO}$	786 523-523,3 T	1500
$3 (\text{FeO} \cdot \text{Cr}_2\text{O}_3) + \text{C} = 3\text{Fe} + 3\text{Cr}_2\text{O}_3 + 3\text{CO}_3$	491 490-415,3 T	1185
$\text{MgO} \cdot \text{Cr}_2\text{O}_3 + 3\text{C} = 2\text{Cr} + \text{MgO} + 3\text{CO}$	720 350-520,8T	1546

Хром тотығының карбидке дейін көміртегімен тотықсыздануының бастапқы температурасы 1130 °С тең, ал элементарлы хромға дейін 1240 °С, сондықтан хром тотығын көміртегімен тотықсыздандыру кезінде карбидтердің түзілуі салдарынан қорытпаның көміртектенуін алдын алу мүмкін емес. Біруақытта кеннен басқа тотықтардың бір бөлігінің тотықсыздануы жүреді. Темір тотықтарының тотықсыздануы балқыту процесін жеңілдетеді, себебі қорытпаның балқу температурасы төмендейді; жүйеде аса тиімді энергетикалық шарттар құрылады, ал қорытпада хром концентрациясының төмендеуі реакция тепе-теңдігін хромды тотықсыздандыру жағына ығыстырады және оның бөлінуін жоғарылатады.



А. Н. Морозов көрсетуі бойынша, Fe-Cr-O жүйесінде хром мен темір шпинельден 1050-1150 °С кезінде біруақытта тотықсыздана бастайды, алайда төмен температурада темірдің тотықсыздану жылдамдығы хромнан жоғары, нәтижесінде  $(\text{Fe,Cr})_3\text{Cr}$  типті карбидтер және металды темір түзіледі. Аса жоғары температурада реакция өнімі  $(\text{Cr,Fe})_7\text{C}_3$  типті карбид болып табылады. Бұл жүйенің шпинельдері, осы температурадағы таза хром тотығымен салыстырғанда, аса жылдам және толық тотықсызданады. Хром кенінде магний мөлшері жоғарылаған сайын, жоғары температуралар облысында (1250 °С және жоғары) тотықсызданатын хром мөлшері ұлғаяды. Хром кенінің кремнийлі және темір цементімен тотықсыздануы 900-1100 °С кезінде басталады. 1200 °С дейін қыздыру, кенде үлгілер бетінде металды бөлшектердің екі түрінің кездесуіне әкеледі және жарықшақтарда хромшпинелид түйіршіктерінің ішінде 1300-1400 °С дейін қыздырудан кейін анықталады [2].

1700-1800 °С кезінде кеннің тотықсыздану дәрежесінің бетінен ортасына қарай төмендеуі байқалады. Тотықсыздану жылдамдығы кен түйіршіктерінің қарқынды пісірілуі салдарынан төмендейді, бұл газ-тотықсыздандырғыштың кен кесегінің көлеміне тасымалдану шарттарының нашарлауына әкеледі. Массивті хром кенінің тотықсыздану жылдамдығының күрт ұлғаюы хромшпинелид түйіршіктерінің балқуы басында және 1900-2000 °С кезінде сұйық шлақтың түзілуі кезінде байқалады. Демек, хром кенінің толық тотықсыздануы мен жылдамдығы олардың химиялық және гранулометриялық құрамымен, ұстап тұру температурасымен және ұзақтығымен, кен бітімімен және құрылымымен анықталады. Темір тотықтарының тотықсыздануы хром тотықтарының тотықсыздануынан барлық температура аралығында және барлық хром кенінің түрінде озып түседі, алайда әртүрлі кендер үшін әртүрлі және кең аралықта болады. Жалпы түрде С.С. Лисняк және Н.Ф. Евсеевпен ұсынылған хром кенінен темір мен хромды көміртегімен тотықсыздандыру сұлбасын қабылдауға болады.

Тиімді шарттарда (жеңіл тотықсызданатын кен пайдалануда, тотықсыздандырғыштың артық мөлшерінде және флюс ретінде кварцитті пайдаланғанда) кремнеземнің тотықсыздану реакциясы ауқымды дамуға ие, мұнда қорытпада кремний мөлшері 2-4 % жетеді, бұл шекті феррохром өндірісі үшін тиімді. Кремнезем тотықсыздануы ертеректе қарастырылған сұлбалар бойынша қатты көміртегімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар, реакциясы жүруі мүмкін:



Қалыпты температурада (<1585 °С) хромның тотығуы нәтижесінде кремний қорытпаға өтуі мүмкін. Деректер бойынша, мұндай реакция келесі түрге ие:




Темір кенде  $\text{SiO}_2$  кездесуі тотықсыздану шарттарын жақсартады.



1 Сурет–Хром кенінен темір мен хромды көміртегімен тотықсыздандыру сұлбасы

Көміртегі мен кремнийден қорытпаны тазарту, балқытылған кен кесектерінің бір бөлігінің шлакпен қоспасы болып келетін, аталмыш кен қабатын құру нәтижесінде жүзеге асырылады. Қорытпа тамшылары жоғары температурада осы қабат арқылы өте отырып, оның бір бөлігі көміртегі мен кремнийден тазартылады, мысалы келесі реакциялар бойынша



Көміртегі карбидінің көмірқышқыл газымен тотығуы да жүруі мүмкін. Я.И. Островский, Х.Н. Кадарметов жоғары көміртекті феррохром балқыту пешінде шихтада орын алатын түрленулер көрінісін береді. Шихтаның беттік қабатында (колошник бетінен 600 мм тереңдікте) материалдар маңызды өзгерістерге ұшырамайды, негізінен материалдың кептірілуі жүреді. 600 мм-ден бастап 1000-1200 мм дейін тереңдікте материалдар 1000-1200 °С дейін қыздырылады, бір бөлігі тотықсызданған кен кесектері ыдырайды. Материалдардың пісірілуі, біріншілей шлак қатпарларының түзілуі байқалады. Металды фазаның құрамында 67-71 % Cr және 6,2-7,5 % C кездеседі. Тотықсыздандыру процестерінің негізгі бөлігі 1200-2000 мм тереңдікте өтеді. Мұнда материалдар температурасы 1400-1600 °С дейін жоғарылайды. Хром 75-81 %-ға, темір 84-90 %-ға тотықсызданады. Металда кремний туындайды. Кремний карбидімен жабылған кокс кесектері анықталды. Зонаның төменгі бөлігінде қалыңдығы 50 мм жартылай балқытылған массаның тұтқырлы қабаты бар. Бұл толық тотықсызданбаған кесектер құрамында хром тотығы мен өзге элементтер кездесетін кен қабаты, мұнда коксик айтарлықтай жоқ.


Шлактан төмен орналасқан кен және кен қабатындағы хром ары қарай хром карбидімен тотықсызданады. Кен қабатынан төмен металл қабаты орналасқан. Жоғарыкөміртекті феррохром балқытудың температуралық режимі шлақтың балқу температурасымен анықталады. Себебі жабық колошникпен балқыту шарттарында оны пеште ұстап тұруын ұлғайта отырып, қорытпаны қыздыру мүмкін емес. Құрамында 65-70 % Cr және 6-8 % C болатын жоғары көміртекті феррохромның балқу температурасы 1550°C құрайды. Сондықтан шлақтың балқу температурасы 1650 °C болу қажет. Қажетті флюс көлемін SiO<sub>2</sub>-MgO-Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> үштік жүйесінің балқығыштық диаграммасы бойынша анықтайды. Жоғарыкөміртекті феррохром балқыту кезінде шлақтың оңтайлы құрамы келесідей, %: SiO<sub>2</sub> 27-33 (34-36); MgO 30-34 (33-38); Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> 26-30 (20-26); Cr<sub>2</sub>O<sub>3</sub><8 (3-6).

Құрамы мен температураға тәуелді болатын шлақтың тұтқырлығы мен меншікті электркедергісі ерекше мәнге ие, себебі шлактану процестерінде шлак жұмысшы кедергінің бір бөлігі ретінде орын алады, бұл пеш ваннасында белгілі бір зонаның қажетті қыздырылуын қамтамасыз етеді. Н.Л.Жило құрамы 35 % SiO<sub>2</sub>, 30-35 % Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> және 30-35 % MgO болатын шлақты ұсынады. Оның балқу температурасы 1560-1680 °C, ал тұтқырлығы 0,3-7 Па·с [3].

MgO (>50 %) жоғары мөлшерінде температура мен құрамының өзгерісінде аса тұрақты физикалық қасиеттеріне құрамында 32% SiO<sub>2</sub> болатын және негізінде фарстерит пен шпинельден тұратын шлактар ие болады. Хром тотығының мөлшерін ұлғайтқан кезде шлақтың кристалдану температурасы жоғарылайды және MgO·(Cr,Al)<sub>2</sub>O<sub>3</sub> шпинель түзілуінің салдарынан тұтқырлығы ұлғаяды. Шлактардың негізгі минералогиялық құрамдастары құрамы айнымалы шыны, форстерит (2MgO·SiO<sub>2</sub>) және алюминий магнезий шпинелі (MgO·Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>) болып табылады. Кордиерит (2MgO·2Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>·5SiO<sub>2</sub>), муллит (3Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub>·2SiO<sub>2</sub>) және т.б. кездесуі мүмкін. Қалдық хромшпинелид мөлшерінің ұлғаюымен және MgO/Al<sub>2</sub>O<sub>3</sub> қатынасының жоғарылауымен шлакта хром жоғалымдары артады. Шлак құрамын әртүрлі кенді пайдалана отырып таңдаған дұрыс, флюс ретінде әдетте кварцит, ферросиликохром өндірісінің шлактарын, сирек бокситті пайдаланады. Қорытынды шлактар хром және темір тотықтарының толық тотықсыздануын, берілген құрамды қорытпаның алынуын қамтамасыз етуі, жеткілікті сұйықтай қозғалғышына ие болу, электродтардың жақсы отырғызылуын қамтамасыз ету және шығару, құймақалыптарға тарата құю кезінде қорытпалардан жақсы бөлінуі қажет. Шлак еселілігі 0,8-1,3 құрайды, хром кенінен шлактүзуші тотықтар үлесі 90 % жетеді.

Жоғарыкөміртекті феррохром балқытудың қуаты 115 МВт болатын ашық және жабық пештерде жүргізеді. Пеш футеровкасы магнезийлі. Жоғары көміртекті феррохром өндірісі үшін кесекті кендер және ұнтақталған кен қоспасын пайдаланады. Чардж-хром өндірісінде төмен сұрыпты хром кенін пайдаланады. Кейде шихтада, орташа көміртекті феррохромның флюссіз өндірісінде алынатын бай шлақты (27-32 % Cr<sub>2</sub>O<sub>3</sub>) немесе конвертор шлактарын пайдаланады. Кейбір жағдайда қорытпада күкірт мөлшерін

төмендету үшін, шихтаға марганец кенін немесе ферромарганец қосады. Соңғы уақытта пеш қуатының ұлғаюына және бай кесекті кен қорының таусылуына байланысты кен майдасын кесектеу және шихтаны алдын-ала тотықсыздандыру мен қыздыру маңызды мәнге ие болды. Шихтаны есептегенде 92 % хром және 95 % темір пайдаланылуын, ашық пештер үшін 6-10 % және жабық пештер үшін 1-2 % тотықсыздандырғыштың артық мөлшерін қабылдайды. Шихта колошасының құрамы келесідей: 700 кг хром кені, 160-170 кг коксик, 20-30 кг ферросиликохром өндірісінің шлактары және 50-100 кг қайтымды шлактар [4].



1 – магнезитті кірпіш; 2 – магнезитті нығыздағыш; 3 - алюмосиликатты кірпіш; 4 – магнезитті порошок; 5 – асбест; 6 – суытқыш

2 Сурет – Қайта өңделетін феррохромды балқытуға арналған қуаты 16,5 МВА ваннаның футеровкасы

Жоғарыкөміртекті феррохром балқытуды, күкірт ұшуын ұлғайту үшін ыстық колошникпен жүргізеді. Шихтаның 1 т кен бөлігін балқытуға жұмсалатын электрқуаты 5580-5950 МДж (1550-1650 кВт·сағ) құрайды. Технологиялық процестің қалыпты жүрісі шихтаның біркелкі балқуымен, электродтардың тұрақты және терең отырғызылуымен, колошниктің барлық беті бойынша ашық сары жалын тілінің бөлінуімен және пештен сұйықтай қозғалғыш қорытпа мен берілген құрамдағы шлақтың еркін шығуымен сипатталады. Технологиялық процесс бұзылуына аса тән белгілері келесідей сипатталады. Тотықсыздандырғыш жетіспеушілігі электродтарда шлактанумен, олардың шихтаға аса терең батырылуымен, шлакта  $Cr_2O_3$  жоғары мөлшерімен және қорытпада көміртегі мен кремний мөлшерінің төмендеуімен сипатталады. Тотықсыздандырғыштың артық мөлшері электродтардың биік отырғызылуымен, құйымдар түзілетін шихтаның опырылуымен, колошникте

ақ алаудың бөлінуімен сипатталады, қорытпада кремний мөлшері жоғарылайды;  $MgO/Al_2O_3$  қатынасы жоғарылағанда коксикпен қиындатылған қою шлакпен шлактануы байқалады. Ол колошникте берік монолитті қабық түзеді, көміртегінің артық мөлшері хромның жоғары жоғалымын тудырады. Шлакта жоғары  $SiO_2$  мөлшерін, сұйық және суық шлак, пештің қара колошникі, көміртегі мөлшері жоғары суық қорытпа көрсетеді. Шлакта  $SiO_2$  жетіспеушілігін қорытпаның жоғары шығару температурасы, қорытпа королектарының ауқымды санымен қиын балқитын, пештен нашар шығатын тұтқырлы шлактар, электродтар айналасында шлак қақтарының түзілуі мен ақ түтіннің бөлінуі сипаттайды. Шихтада кремнезем мен көміртегі кемшілігін,  $SiO_2$  мөлшері төмен қиын балқитын және тұтқырлы шлактар мен қорытпада көміртегінің төмен мөлшері, электродтардың жоғары отырғызылуы көрсетеді. Кварциттің артық мөлшерінде коксик жетіспеушілігі  $SiO$ ,  $Cr_2O_3$  және  $FeO$  мөлшері жоғары болатын суық және тұтқырлы шлактардың түзілуін тудырады. Электродтар отырғызылуы төмен, қорытпада көміртегі мөлшері жоғары және кремний төмен,  $SiO_2$  ауқымды артық мөлшерінде электродта сұйық шлак айнасының түзілуімен колошник ашылуы мүмкін. Шихтада коксик пен кварциттің артық мөлшері қорытпада көміртегі мен кремний мөлшерінің жоғарылауын тудырады; шлактанған кокс астаудан шығады, электродтар отырғызылуы тұрақсыз. Шлакта  $SiO_2$  жетіспегенде коксиктің артық мөлшері электродтардың жоғары отырғызылуымен сипатталады, құйымдар түзіледі, тигельден коксик тасталынады. Хром тотығының мөлшері төмен шлактар ыстық, алайда тұтқырлы және пештен үнемі шықпайды. Шлакта  $Al_2O_3$  артық мөлшері электродтарда шлактануды, олардың тұрақсыз отырғызылуын тудырады; суық қорытпа, көбікті шлактар. Шлактану режимінің бұзылуы гарнисаж қирауына және пештің апаттық күйіміне әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, футеровка күйімі, хром, көміртегі мөлшері төмендегенде қорытпаның сұйықтай аққыштығының ұлғаюы немесе оның қатты қызуы нәтижесінде орын алуы мүмкін. Жабық пештерде жоғары көміртекті феррохром өндірісі ойдағыдай игерілуде. Пештің қалыпты жұмысында күмбез асты қысымы 10 Па және газдар температурасы 100-200 °С. Газ құрамы шамамен келесідей мәнді көрсетеді: 70-90 %  $CO$ , 8 % дейін  $H_2$  және 1,0 % дейін  $O_2$ . Газдың жану жылуы 10000-11000 кДж/м<sup>3</sup> дейін жетеді. Газ тазалағышқа кіру кезінде газ шаңдануы 10 г/м<sup>3</sup> құрайды, шаңда 18-21 %  $Cr_2O_3$  кездеседі. Балқытуға шихтаны мұқият дайындау қажет. Жабық пештер гранулометриялық және химиялық құрамы бойынша біркелкіленген хром кенімен және ылғалдылығы тұрақты (4-6 %) коксикпен жұмыс істеу қажет. Кесекті немесе 80-10 мм фракциясына кесектелген хром кенінің мөлшері 80 % болу қажет.

Жабық пештерде қорытпа өндірісінде оларды эксплуатациялау үшін тән, процесс жүргізудің барлық ерекшеліктерін (белгілі бір газ құрамы, газтазалауға су шығыны және т.с.с.) қадағалау қажет. Қатты күйде хром кенін алдын-ала тотықсыздандырумен жоғары және орта көміртекті феррохром өндірісінің сұлбасы «Шова Денко» (Жапония) фирмасымен жасалған. Күйдіру пештерінде 60 % дейін хром және 80 % дейін темір тотықсыздануына қол жеткізіледі.

Ыстық жентектерді жабық кен тотықсыздандыру пешіне береді. Процесс жоғары техника-экономикалық көрсеткіштердің алынуын қамтамасыз ете отырып, салыстырмалы кедей және ұнтақ тәрізді хром кенін өңдеуге мүмкіндік береді. Мәселен, 55-65 % Cr, 8 % C және 3 % Si болатын феррохром өндірісінде төменде келтірілген көрсеткіштер (сол пеште, сол кенмен жүргізілетін қарапайым процеспен салыстырғанда) алынды.

Меншікті шығыны:

электрқуаты, МДж/т (кВт·сағ/т) 7850 (2200)/15200 (4300)

хром кені, кг/т 1900/2100

кокс, кг/т 600/500

отын, кг/т 200/—

Ескерту. Алымы – БКС процесі үшін, бөлімі–қарапайым процесс үшін.

Кен өлшендісінде тұрақты кен қабатын алу үшін кемінде 60% кесекті хром кені болу керек. Оған қоса, хром мен темір карбидтерін ойдағыдай көміртексіздендіру үшін процестің жоғары температурасы қажет. Оған оңтайлы шлак құрамын таңдау арқылы қол жеткізеді. Хром кені тотықтарынан алынған шлак, жоғары балку температурасына және тұтқырлығына ие болады. Мұндай шлак пеш ваннасынан нашар жойылады және металдың қызып кетуіне әсер етеді. Шлактың балку температурасы мен тұтқырлығын төмендету үшін шихтаға кварцит қалдықтары түрінде флюстер немесе өзге кремнеземқұрамды материалдар (ферросиликохром өндірісінің шлактары, шамотты кірпіш сынықтары және т.б.) қосады. Соңғы шлактың оңтайлы химиялық құрамы болуы үшін келесідей болу керек (массалық үлесі %):  $\text{SiO}_2$ – 28-33,  $\text{MgO}$  – 38-45,  $\text{Al}_2\text{O}_3$ –17-19. Шлакта  $\text{Cr}_2\text{O}_3$  мөлшері 6,0 % жоғары болмау қажет [5].

## 1.2 Шихта материалдарына қойылатын негізгі талаптар

Жоғарыкөміртекті феррохром өндірісі үшін шихта материалдарының келесі түрлері пайдаланылуы мүмкін:

- хромқұрамды шикізат: хром кені мен концентраттары, хром кенді брикеттер мен жентектер, газтазалау шаңдары;
- көміртекті тотықсыздандырғыштар: кокс жаңғағы, арнайы кокс, жартылай кокс, көмір;
- флюстеуші материалдар: кварцит немесе оның ферросиликохром өндірісінің шлактары, шамотты кірпіш сынықтары және т.б.;
- өзіндік өндірістің қайтымды қалдықтары;
- металлқұрамды қалдықтар: металлоконцентрат, металл құрамды брикеттер.

Зауытқа түсетін шихта материалдарының сапасы берілген нұсқаулықтың бөлімдерінде көрсетілген техникалық шарттар немесе шарттар талаптарына сәйкес келу қажет.



### 1.3 Көміртекті тотықсыздандырғыштар

Көміртекті тотықсыздандырғыштардың сапалық құрамы 2-4 кестерде көрсетілген талаптарға сәйкес келуі қажет.

2 Кесте – Кокстың сапалық құрамы

Жеткізу-шілер	Күл, (A)	Ұшқыштар, (V)	Күкірт, (S)	Фосфор, (P)	Ылғал, (W)	Ірілігі, мм	Фракциялық құрамы, %	
							10мм кем, артық емес	25мм жоғары, артық емес
	Артық емес, %							
РФ	15,0	2,0	0,5	0,05	20,0	10-25	10,0	10,0
КНР	15,0	3,0	0,5	0,015	20,0	10-50	10,0	10,0

3 Кесте–Тас көмірдің сапалық құрамы

Күл, (A)	Ұшқыштар, (V)	Күкірт, (S)	Фосфор, (P)	Ылғал, (W)	Ірілігі, мм	Фракциялық құрамы, %	
Артық емес, %						13 мм кем, артық емес	80ммжоғары, артық емес
38,0	18	0,35	0,008	10,0	13-80	8	10

4 Кесте– Шұбаркөл арнайы кокстың сапалық құрамы

Күл, (A)	Ұшқыштар, (V)	Күкірт, (S)	Фосфор, (P)	Ылғал, (W)	Ірілігі, мм	Фракциялық құрамы, %	
Артық емес, %						10 мм кем, артық емес	
15,0	12,0	0,6	0,02	20,0	10-60	15	

Балқыту цехына көміртекті тотықсыздандырғыштарды дайындау мен жіберуді, келесі сатылардан тұратын технологиялық нұсқаулыққа сәйкес жүргізеді:

- ШДЦ қоймаларында тотықсыздандырғыштарды техникалық және фракциялық құрамы бойынша қоймаландыру;
- қажет болғанда елеуішпен және білікті ұсақтағышпен жабдықталған кокс ұсақтау ғимаратында елеу және ұсақтау жүргізіледі.

### 1.4 Флюстеуші материалдар

Флюстеу материалдары ретінде 0,25 мм фракциялы кварцит қалдықтары немесе 25-80 мм фракциялы ұсақталған кварцит, сонымен қатар ферросиликохром, металды хром өндірісінің шлактары немесе 0-80 мм фракциялы шамотты кірпіш сынықтары қолданылады. Флюстеу материалдарын дайындау кешендерде жүргізіледі.

## 1.5 Айналмалы және металлқұрамды қалдықтар

Айналмалы және металлқұрамды қалдықтар (фракциясы 0-80 мм) балқыту цехына жіберіледі. Мұнды айналмалы қалдықтарды дайындау (ұсақтау) кешендерде жүргізіледі.

## 1.6 Шығарылатын өнімге қойылатын негізгі талаптар

Сыртқа тұтынушыға тиелетін жоғары көміртекті феррохром МЕСТ 4757 (ИСО 5448-81) немесе келісім шарт талаптарына жауап беру қажет. Жоғарыкөміртекті феррохромның МЕСТ 4757 (ИСО 5448-81) бойынша химиялық және фракциялық құрамы 6-кестеде көрсетілген.

6 Кесте – Жоғарыкөміртекті феррохромның химиялық құрамы

Маркасы	Массалық үлесі, %				
	Cr	C	Si	P	S
	Кем емес	Артық емес			
ФХ 650 А	65	6,5	2,0	0,03	0,06
ФХ 650 Б	65	6,5	2,0	0,05	0,08
ФХ 800 А	65	8,0	2,0	0,03	0,06
ФХ 800 Б	65	8,0	2,0	0,05	0,08
ФХ 850 А	65	8,5	2,0	0,03	0,05
ФХ 850 Б	65	8,5	2,0	0,05	0,08
ФХ 900 А	65	9,0	2,0	0,03	0,04
ФХ 900 Б	65	9,0	2,0	0,05	0,06

7 Кесте – Жоғарыкөміртекті феррохромның фракциялық құрамы

Ірілік класы	Кесектер өлшемі (бөлшек)	Партияда өнімнің массалық үлесі, % артық емес	
		Топ үсті	Топ асты
1	50 - 200	10	10
2	5 - 200	5	5
3	5 - 100	10	10
4	20 - 50	10	10
5	5 - 50	10	10
6	5 - 20	10	10


Цехта силикотермиялық тәсілмен орташа көміртекті феррохром өндірісі үшін өңделмелі жоғары көміртекті феррохром РК 306792590005 АО-55-2005 «Орташа көміртекті феррохром өндірісі үшін өңделмелі феррохром» талаптарына сәйкес келу қажет [6].

## 1.7 Беттік ластанулар

Феррохром кесектерінің беті және сынықтарында шлак, құм мен басқа бөтен материалдардың көптеген қосындылары болмау қажет. Кесектер бетінде зеңдер мен күйдірмейтін материал ізінің кездесуіне рұқсат беріледі.

## 1.8 Негізгі технологиялық жабдықтың сипаттамасы

Жоғарыкөміртекті феррохромды 3-фазалы ашық стационарлы шахталы типті электрпештерінде балқытады. Мұнда электродтар тең қабырғалы үшбұрыш төбелері бойынша орналасады. Футеровканың бойлық қимасында бірінші (а) және екінші (б) деңгейлі термопараның орналасу сұлбасы 3-суретте көрсетілген.



а – электродтар, б – науа, 1-5 – термопара номері

3 Сурет– Футеровканың бойлық қимасында бірінші (а)және екінші (б) деңгейлі термопараның орналасу сұлбасы.

Пештер қуаты 7650 кВт-тан 9200 кВт-қа дейін үш бірфазалы трансформаторлармен жабдықталған. Жұмысшы кернеу сатыларын пеш жұмысының нақты шарттарына байланысты таңдайды: пеш ваннасының күйі, жоғарғы жағында кернеу шамасы, қорытпа мен шлактың химиялық құрамы.

Әрбір пеште сыйымдылығы 32 м<sup>3</sup>-тан 63 м<sup>3</sup>-қа дейін шихта бункерлері бар. Шихта материалдарын мөлшерлеу және өлшеу реті берілген нұсқаулықта келтірілген. Ваннаға шихта беру үшін пеш, пеш қалталарымен және науалары бар құбырағыстарымен жабдықталған. Жоғарыкөміртекті феррохром балқытатын пеш ванналары бекітілген сызба бойынша магнезитті кірпішпен футерленеді. Пеш табанына бір қатар көмір блоктарын қоюға рұқсат етіледі. Бұл кезде көмір блоктарынан тұратын қалау, ауамен тотығуын алдын алу үшін, магнезитті немесе шамотты кірпіш футеровкасымен жақсы оқшаулануы қажет. Пеш ваннасының жылуоқшаулау қабаты шамотты кірпішпен футерленеді. Пеш

ваннасының белсенді зоналарын суыту үшін ванна қаптамасын сумен сулау орнатылады (ваннаны сулай жаз мезгілінде сәуір-қыркүйек айларының аралығында жұмыс істейді). Қажетті жағдайларда (ванна қаптамасының қызаруы) сумен суытудың мыстан жасалған келтеқұбырларын орнату қарастырылған. Ванна түптері ауамен үнемі үрленеді. Пештен балқыманы шығару үшін сыйымдылығы 1,75-2,3 м<sup>3</sup> шөміштер пайдаланылады. Ковштар шамотты кірпішпен бекітілген сызба бойынша футерленеді. Шөмішті кептіру және қыздыру үшін, пеш аузынан шыға беріс алдында газбен қыздыру жанарғылары орнатылған. Пештен шығарған кезде шлакты қабылдау үшін сыйымдылығы 1,75-2,93 м<sup>3</sup> дейін шлак жинағыштар пайдаланылады. Шөміш пен шлак жинағышты тесікке келтіру және балқыманы шығарғаннан кейін технологиялық ыдысты тесіктен шығару үшін, жүккөтергіштігі 12,0 т электрлі жүкарбалармен іске қосылатын арбаларды пайдаланады. Құймаға металды тарата құю үшін, жоғарыкөміртекті феррохром қалдықтарымен және Ақсу ферроқорытпалар зауыты мен өзінің аспирациялық шандарымен толтырылған, өлшемі 900·2000 мм құйылған немесе өлшемі 3000x11000 мм пісірілген құймақалыптар пайдаланылады.

ФХ 950 балқытатын пештерде аспирациялық шаң пайдаланбайды.

Шөміш астауының бөлінуі жүргізілетін, балқытушының жұмыс орнында стационарлы қорғаушы экран орнатылу қажет. Металл құймаларын қоймаландыру үшін жүккөтергіштігі 5-10 т дейін болаттан жасалған қорап пайдаланылады.

Ошақ құралдары мен саймандары:

- ағаш сабы бар қалақшалы болат күрек;
- ағаш сабы бар массасы 6-8 кг болат зілбалға;
- болат сынықтары, диаметрі 25 мм және  $L = 1,5$  м;
- болат табан  $L = 1,5$  м;
- арқанды ілу үшін ілмек  $L = 1,0-2,0$  м;
- металл мен шлак сынамасын алу үшін металды қасық;
- тесікті тазалау үшін болат қырғыш  $L = 4,0$  м кем емес;
- $L = 6$  м ( $L_{\min} = 3,0$  м) тесік саңылауын күйдіру үшін диаметрі 25 мм болат шыбық;
- тесік саңылауын күйдіру үшін пистолеті  $L = 0,6$  м болатын оттекті шланг;
- жүккөтергіштігі 1,0-3,0 т, 3 мүйіді болат тістеуік, табандығы мен құймақалыптан металл құймаларын бөліп алу үшін-сынақ жүргізу жөнінде биркасымен;
- ілмек  $L = 2,0$  м, шөмішті түсіру үшін - сынақ жүргізу жөнінде биркасымен;
- астауды толтыру үшін болат нығыздауыш  $L = 4,0$  м кем емес;
- астау саңылауын өңдеу, көсеу және астауда жұмыс істеу үшін диэлектрлік (ағаш, шамотты кірпіштен) торап [7].

## 2 Процесті жүргізу тәртібі

### 2.1 Зерттеу жұмыстарына шихта дайындау

Шойын, болат және ферроқорытпалар өндірісіне байланысты металлургия саласының үш негізгі бөлімдерінен соңғысы аса көп энергияны қажет ететін болып саналады. Ферроқорытпалар, конструкциялық болаттың құрамы мен сапасын реттейтін ең басты компонент ретінде дүние жүзінде сұранысқа ие. Феррохром кеңінен таралған. Олардың өндірісі хром және марганец кенінің кенорнына негізделеді. Хромды ыстық редуциялау газымен (БІРГ) - CO, H<sub>2</sub> металды күйге дейін редуциялау мүмкін емес, себебі олардың редуциялау потенциалы жеткіліксіз. Сондықтан ферроқорытпаларды өндіру технологиясы редуциялау реагенті ретінде қатты көміртегінің пайдаланылуына жан-жақты негізделген. Феррохромды бір технологиялық сұлба бойынша өндіреді. Дәстүрлі технология кесекті кен, кокс және флюс пайдаланылуына негізделген, оларды араластырады және электртермиялық пешке тиейді, мұнда шихтаны қыздыру мен редуциялап балқытуға тек электрқуатын ғана жұмсайды [8].

Кесекті кен мен кокстан тұратын шихтаны дайындау және тиеу шарттарында металдарды кокс көміртегісімен қатты фазада редуциялау мүмкін емес, себебі реакциялық жанасу беті (РКП-РЖБ) шектеулі болып келеді. Редуциялау процесі тек шихтаның кенді бөлігінің балқуынан басталады, мұнда, яғни 1250 – 1350 °С облысында кокс саптамалары қабаты арқылы тотықты балқыманың сүзілуі мен кокс кесектерінің РЖБ шайылуы жүреді. Демек, бұл электрқуатының тек ауқымды шығыны емес, оған қоса, тиімсіз пайдаланылуын білдіреді. Нәтижесінде мақсатты металдардың — хромның бөліну дәрежесі жеткіліксіз болады, жоғары көміртекті ферроқорытпалар (6 – 8 % көміртегі мөлшерімен) алынады, сонымен қатар өнімнің өзіндік құны жоғары болады.

Теориялық және тәжірибелік зерттеулер [9-11] кенкөмір қоспасын дайындауға және индукциялық пештің, сонымен қатар конвертер типті балқыту агрегаттарының пайдаланылуымен екі сатыда ары қарай балқытуға арналған. Мұнда бірінші конвертерге кесекті кенкөмір қоспасын көмірдің артық мөлшерімен тиейді және қабатты оттегімен үрлейді. Көмірдің артық шығынында, редуциялау ортасының түзілуінде және жоғары температурада темірдің толық редуциясы жүреді, ал шлак балқымасы мақсатты металдар — хром тотықтарымен байытылады. Екінші конвертерге хром тотықтарының мөлшері жоғары шлактарды тиейді және қабатты көмірдің ауқымды артық мөлшері болатын оттекті-көмір қоспасының ағынымен үрлейді, және жоғары көміртекті феррохром балқытады. Технологияның жүзеге асырылуы қымбат электрқуатын отын энергиясымен алмастыруға мүмкіндік береді. Алайда көмірдің жоғары артық мөлшері шлак пен атмосфераға газ шығуының ұлғаюына байланысты, бұл аудан экологиясын нашарлатады.

Электртермиялық пеште, сонымен қатар конвертерлі типті агрегатта редуциялап балқыту технологиясы кесекті кен, кокс пен көмірден тұратын шихтаны дайындау мен тиеуде және топохимиялық режимде шихтаның кенді бөлігінің балқуы кезінде металдардың редуциялану шарттарымен ерекшеленбейді. Дәстүрлі және ұсынылған технологияны қарастырған кезде, металдардың қатты көміртегімен редуциялану механизмі мен кинетикасы мүлдем талқыланбайды, негізгі көңіл электрқуатының шығынын төмендету және коксты көмірмен алмастыруға бөлінеді. Осыған байланысты айта кету керек, процестің топохимизмі кокс пен көмір кесектерінен көміртегінің тотықты балқыма қабатына диффузиялық тасымалдануымен шектеледі.

Жаңа теориялық ережелер негізінде [12, 13] металдардың көміртегімен қатты фазада редуциялану тиімділігі басты көрсеткішке – өзара әрекеттесетін қатты бөлшектер қабатында реакциялық жанасу бетіне (РКП-РЖБ) тәуелді болады. Әрбір шынайы бөлшекті радиусы  $R_r$  және бөлшек беті ауданының геометриялық тегіс шар бетінен ауытқуын ескеретін, пішін коэффициенті  $k_\phi$  болатын шар түрінде көрсетуге болады.

Көлемі  $V_{ш} = 4\pi R^3/3$  болатын кен шикізатының қатты шартәрізді бөлшектердің тығыздығын  $\rho$ , г/см<sup>3</sup> ескере отырып, массасы  $G_p$  болатын сеппелі кен қабатында бөлшектер санын анықтауға болады, г:

$$n_r = \frac{3G_p}{4\pi R^3 \rho_p} \quad (7)$$

Дәстүрлі түрде электртермиялық пешке орташа фракциясы 40 мм немесе  $R_r = 2$  см кен тиейді. Сонда  $G_p = 1000$  г,  $\rho_p = 3,5$  г/см<sup>3</sup>,  $R_r = 2$  см қабылдай отырып, 1 кг сеппелі кен шикізатындағы бөлшектер санын табамыз

$$n_r = \frac{3 \cdot 1000}{4 \cdot 3,14 \cdot 2^3 \cdot 3,5} = \frac{3000}{351,68} = 8,53.$$

Егер фракция өлшемін 1 мм немесе 0,1 см дейін кішірейтсек, яғни  $R_r = 0,05$  см онда 1 кг кен шикізатындағы бөлшектер саны

$$n_r = \frac{3000}{0,00549} = 5464480.$$

Шихта қабатында РЖБ

$$F_p = 4\pi R^2 k_\phi n_r \quad (8)$$

(8) теңдеуге сүйенсек, 1 кг кен шикізатында бірінші жағдайда РЖБ құрайды

$$F_p = 4\pi R^2 \cdot 1,16 \cdot 8,53 = 4\pi \cdot 4 \cdot 1,16 \cdot 8,53 = 497,1 \text{ см}^2/\text{кг}.$$

Екінші жағдайда (1 мм фракциясынан тұратын шихтада) РЖБ шамасы:

$$F_p = 4\pi R^2 \cdot 0,0025 \cdot 1,16 \cdot 546668,0 = 19903,8 \text{ см}^2/\text{кг},$$

